«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

100003, Қарағанды қаласы, Ленин көшесі, 12 үй
Тел. 8 (7212) 56-31-35, факс: 8(7212) 56-80-98
ЖСК KZ92070101KSN0000000 БСК KKMFZ2A
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
БСН 000440001606

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

100003, город Караганда, ул. Ленина, 12
Тел.: 8 (7212) 56-31-35, факс: 8 (7212) 56-80-98
ИИК KZ92070101KSN0000000 БИК KKMFKZ2A
РГУ «Комитет казначейства Министерства финансов РК»
БИН 000440001606.

29.07.2021. № 4-5/3908

**Мүгедектердің "Ар-Иман"
қоғамдық қоры**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті (*бұдан әрі - Департамент*) Сіздің 2021 жылғы 13 шілдесіндегі №113921 мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы түскен электронды шағымыңыз негізінде, «Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен өткізілген № 6026080-1 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету» электронды мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізілді.

Бұл ретте, ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітелген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 233 тармағына сәйкес, ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі;

2) әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес);

3) егжей-тегжейлі Іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізілетін орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса));

4) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтері;

5) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

6) жоба белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс, аудан, қала) іске асырылған жағдайда - үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі;

7) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі;

8) жобаны іске асыру тиімді қорытындысын бағалау индикаторларының бар болуы.

Осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі.

Конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес, егер тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары жоқ не конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде көзделген барлық талаптарды қамтымаса (сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді) баллдар қолданылмайды.

Сонымен қатар, Қағиданың 234 тармағына сәйкес, 233-тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген өлшемшарттардың бірі бойынша бір баллдан төмен жинаған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері жалпы жиналған баллдардың санына қарамастан, конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Сонымен, 12.07.2021 жылғы №6026080-ГСЗ1 қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес, конкурстық комиссия Сізге, тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі) бойынша индикаторлардың болуына балл қолданылмаған.

Жүргізілген бақылаумен Сіздің тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары ұсынылмағаны анықталды.

Сол себепті, Сіздің өтініміңіз веб-порталмен автоматты түрде қабылданбаған.

Конкурстық құжаттамаға 12-қосымшаның 5-тармағына сәйкес, 2 балл әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы екі жылдан астам және қоса алғанда бес жылға дейінгі жұмыс тәжірибесінің болуы үшін қолданылады.

Конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасындағы ескертпеге сәйкес, сатып алынған қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар көрсетілген қызметтер актілері мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелері болып табылады.

Сіздің өтініміңізге жүргізілген бақылаумен біліктілік туралы мәліметтерде 2015, 2018 және 2020 жылғы жұмыс тәжірибесі мәлімделгені анықталды.

Алайда, Сіздің тендерлік өтініміңізде 2015 жылғы жұмыс бойынша, көрсетілген қызметтің растайтын құжаттар көрсетілген қызметтер актілері мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелері салынбаған.

Осылайша, Сізге конкурстық комиссиямен, әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласында екі жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі бойынша 1 балл дұрыс қолданылған.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес, Сіз әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) жоғары тұрған органға немесе сотқа шағым жасауға құқылысыз.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 47-бабының 9-тармағына сәйкес осы бапта көзделген дауларды сотқа дейінгі реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Басшы **М. Байдурин**

Орынд. Д.М. Канжанов
8 7212 - 425580